ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

Рахметулла Арайлым Арыстанғалиқызы

«Нұр-Сұлтан қаласында қуаттылығы 15 миллион дана/жылына көлемді-боялған керамикалық тастарды шығаратын зауыт »

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5В073000 - Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрылымдарын өндіру

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра меңгерушісі
т.ғ.д., профессор
_____ К. Ақмалайұлы
«_25__» ___05___2020ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Нұр-Сұлтан қаласында қуаттылығы 15 миллион дана/жылына көлемді-боялған керамикалық тастарды шығаратын зауыт

5В073000 - Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрылымдарын өндіру

Орындаған: А.А. Рахметулла

Пікір беруші
т.ғ.д., профессор
_____
«____» _____ 2020 ж.

Жетекші
т.ғ.д., профессор
_____ М.Т. Жугинисов
«_25__» ___05___2020ж.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

5В073000 - Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрылымдарын өндіру

БЕКІТЕМІН
Кафедра меңгерушісі
т.ғ.д., профессор
_____ К. Ақмалайұлы
«_27__» ___01___2020ж.

Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы *Рахметулла Арайлым*
Тақырыбы: *«Нұр-Сұлтан қаласында қуаттылығы 15 миллион дана/жылына көлемді-боялған керамикалық тастарды шығаратын зауыт»*
Университет ректорының *« 21 » 01 2020ж. № 762– б* бұйрығымен бекітілген
Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі *« 31 » мамыр 2020 ж.*
Дипломдық жобаның бастапқы берілістері *Зауыттың жылдық өнімділігі, өнімнің құрамы шикізаттар кен орны, құрылыс орнының сипатамасы.*
Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі
а) Технологиялық бөлім
ә) Жылу техникалық бөлім
б) Сәулет-құрылыстық бөлім
в) Технологиялық процестердің автоматикасы және автоматтандыру жүйесі
г) Экономикалық бөлім
ғ) Қауіпсіздік және еңбекті қорғау
Сызбалық материалдар тізімі *Бас жоспар сызбасы, зауыттың қима көрінісі, технологиялық картасы, технологиялық тізбегі, автоматика сызбасы, техника-экономикалық көрсеткіштер сызбасы.*
Ұсынылған негізгі әдебиет *11 атау*

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, қарастырылатын мәселелердің тізімі	Жетекшілер мен кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Технологиялық (технологиялық тізбек және сипаттама)	27.01.2020 – 25.05.2020	
Жылу-техникалық (жылу ылғалды өңдеуге арналған жабдықты есептеу)	27.01.2020 – 25.05.2020	
Сәулеттік- құрылыстық (бас цехтың конструктивті жобалау шешімі цехта жабдықтарды орналастыру)	27.01.2020 – 25.05.2020	
Автоматтау және автоматтандыру (құрылыс өндірісі технологиясын ұйымдастыру)	27.01.2020 – 25.05.2020	
Техника-экономикалық (тиімді нұсқаны таңдаудың технико-экономикалық негіздеу есептемелері)	27.01.2020 – 25.05.2020	
Қауіпсіздік және еңбек қорғау (қауіпсіздік техникасы сұрақтарын қарастыру)	27.01.2020 – 25.05.2020	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған **қолтаңбалары**

Бөлімдердің атауы	Кеңесшілер, аты,әкесінің аты,тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Технологиялық бөлім	Жугинисов М.Т. т.ғ.д., профессор	25.05.2020	
Жылу техникалық бөлім	Жугинисов М.Т. т.ғ.д., профессор	25.05.2020	
Сәулеттік -құрылыстық бөлім	Бек А.А. т.ғ.м., ассистент	25.05.2020	
Техника экономикалық бөлім	Жугинисов М.Т. т.ғ.д., профессор.	25.05.2020	
Автоматтау және автоматтандыру бөлімі	Жугинисов М.Т. т.ғ.д., профессор	25.05.2020	
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі	Жугинисов М.Т. т.ғ.д., профессор	25.05.2020	
Норма бақылау	Бек А.А. т.ғ.м., ассистент	25.05.2020	

Жетекші _____ Жугинисов М.Т.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы _____ Рахметулла А.А.

Күні «_25__» ___05___2020ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жобада Нұр–Сұлтан қаласындағы қуаттылығы 15 миллион дана/жылына көлемді боялған керамикалық тас өндіретін зауыт қарастырылады. Дипломдық жобаның негізгі мақсаты өндіріс сапасы мен тиімділігін арттыра отырып, қазіргі заман талабына сай сапалы, сұранысқа ие болатын өнім шығару. Керамикалық тасты ағаш үгіндісін пайдаланып өндіру оңтайлы, себебі дайын бұйым қуыс-кеуекті болып шығады, ал бұл дегеніміз көп жылуоқшаулағыш материалдармен салыстырғанда материал үнемдеу жағынан әлдеқайда тиімді. Декоративті мақсатта әртүрлі түс беру үшін пигменттер қолданылады. Жобада келтірілген технологиясы бойынша керамикалық тастар иілімді тәсілмен даярланады және соған қатысты материалдық баланс, барлық жабдық есептеулері келтірілген. Сәулет-құрылыс, автоматика, экономика және еңбек қорғау бөлімдері сәйкесінше келтірілген.

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте предусматривается завод по производству керамического камня мощностью 15 миллионов штук/год в городе Нур-Султан. Основной целью дипломного проекта является повышение качества и эффективности производства, выпуск качественной и востребованной продукции, отвечающей современным требованиям. Производство керамического камня с использованием древесной опилки оптимально, так как готовое изделие становится поризованным, а это гораздо более выгодно по сравнению с другими теплоизоляционным материалами. Для декоративных целей используются пигменты для придания различных цветов. По технологии, приведенной в проекте, керамические камни изготавливаются пластическим способом, в отношении которого приводится материальный баланс, расчеты всего оборудования. Соответственно приведены отделы архитектуры и строительства, автоматики, экономики и охраны труда.

ANNOTATION

The diploma project provides for a plant for the production of volume-painted ceramic stone with a capacity of 15 million pieces/year in the city of Nur-Sultan. The main goal of the diploma project is to improve the quality and efficiency of production, production of high-quality and popular products that meet modern requirements. The production of ceramic stone using sawdust is optimal, since the finished product becomes porous, and this is much more profitable compared to other thermal insulation materials. For decorative purposes, pigments are used to give different colors. According to the technology provided in the project, ceramic stones are made using a plastic method, in relation to which the material balance and calculations of all equipment are provided. Accordingly, the departments of architecture and construction, automation, economics and labor protection are listed.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе
1 Технологиялық бөлім 8
1.1 Құрылысқа арналған алаңды таңдау 8
1.2 Цехтың жұмыс тәртібі 9
1.3 Өндіріс өнімінің номенклатурасы 9
1.4 Шикізат және негізгі материалдарға сипаттама 10
1.5 Бұйымның өндіріс тәсілін негіздеу 16
1.6 Бұйымды өндірудің негізгі технологиялық тізбегін сипаттау 17
1.7 Материалдық баланс 28
1.8 Негізгі технологиялық және тасымалдау жабдықтарды таңдау және есептеу 30
1.9 Қосалқы нысандарды таңдау және есептеу 34
1.10 Технологиялық процесті және дайын өнімнің сапасын бақылау 35
Қорытынды
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі
Қосымшалар 40

КІРІСПЕ

Қазіргі заманғы құрылыс технологиялары қала сыртындағы үйлер мен құрылыстарды салу және тұрғызу үшін жаңа материалдар мен бұйымдарды ұсынады. Бірақ осы материалдардың ішінде керамикалық блоктар, тастар мен кірпіштер ерекше орында тұр. Бұл кластағы керамикалық бұйымдарды өндіру үшін бірегей технология әзірленді,ол іс жүзінде құрылыс қалау материалдарына қойылатын барлық заманауи талаптар мен шарттарды жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Бұл талаптарды қысқаша тұжырымдауға болады: энергия тиімділігі, үнемділік, сенімділік, ұзақ мерзімділік және бұл барлық параметрлерге толық жауап береді. [1]

Керамикалық кеуектелген тастарды өндіру процесінде салмақты азайту үшін, сондай-ақ өндіріс процесінде бұйымдардың жылу қорғау қасиеттерін арттыру үшін шикізат массасына ағаш үгінділері қосылады, олар күйдіру кезінде тез арада микрокеуектер жасайды. Бұйым материалдың ішкі кеуектілігі есебінен «жылы» болады. Мұндай тас кеуектелген деп аталады. Кәдімгі керамикалық таспен салыстырғанда, кеуектелген тастың тығыздығы едәуір төмен, соның арқасында оның жылу оқшаулағышының ең жақсы көрсеткіштері бар. Ірі форматты тастарда жіктердің қажетті герметикалығын қамтамасыз ететін паздар мен тарақтардың болуы арқасында тік жіктерді ерітіндімен толтырудың қажеті жоқ. Ірі форматты тастардан жасалған қалау тігістер санын бірнеше рет қысқартады. Сонымен қатар, қалау ерітіндісі айтарлықтай үнемделеді. Керамикалық ірі форматты қуыс тастар биіктігі 9 қабатқа дейінгі тұрғын үйлердің көтергіш, сыртқы және ішкі қабырғаларын қалау үшін; биіктігі 24 м дейінгі қоғамдық ғимараттардың көтергіш және ішкі қабырғалары үшін қолданылады.; өнеркәсіптік ғимараттардың ішкі қабырғалары үшін; қаңқаларды толтыру үшін қолданылады.

Керамикалық тастың стандартты кірпіштерден басты айырмашылығы ол тек қана ішіндегі қуыстармен өндіріледі. Жабық кеуектер мен қуыстардың комбинациясы арқасында ол жылуды сақтауға қабілетті. Осы бұйымның жылу өткізгіштік көрсеткіштері 0,36 Вт/(м·К) аспайды, бұл құрылыс керамикасы арасындағы ең төмен коэффициенттердің бірі болып табылады.

Силикатты қабырғалық материалдармен салыстырғанда (пенобетон, газсиликатты блок, керамзитобетон және т.б.) керамикалық тас үлкен механикалық беріктікке ие, аз су сіңіреді (бұл суланған кезде қабырғаның жылу кедергісін сақтауға кепілдік береді).

Жеке кірпішпен салыстырғанда, блокты қолдану қабырғаның ең жақсы жылу кедергісін 2-2,5 есе қамтамасыз етеді және 2-4 есе (ал тегістелген блоктарды желімге қалау кезінде және одан да көп) жұмысшының еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Керамикалық блок силикатты материалдармен салыстырғанда жылу инерттілігімен, яғни қалаудың сыртқы және ішкі бетінің температурасы теңестірілетін уақытқа ие.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Құрылысқа арналған алаңды таңдау

Қуаттылығы 15 миллион дана жылына көлемді-боялған керамикалық тастарды шығаратын зауыт Нұр-Сұлтан қаласында жобаланады. Қаладағы тұрғындар саны 1 136 008 адам. Қаланың климаты күрт континенттік. Жазы ыстық және құрғақ, қысы аязды және ұзақ. Орташа жылдық температура 3,1 °С. Жауын-шашын жылына 300 мм болады. Орташа жазғы температура шамамен 20 °С және орташа қысқы температура шамамен -15 °С.

Бұл дипломдық жобада Ақмола кен орны, Целиноград ауданы, Астана қаласынан солтүстік-шығысына қарай 7 км орналасқан жердегі жеңіл балқитын саз және «Алтын Ағаш Астана» кесілген ағаш материалдары мен құрылыс материалдарын жеткізуші компаниядан ағаш үгінділері қолданылады. Бұл тасымалдау шығынын азайта отырып, өнімнің өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді.

Қаланың өнеркәсіп жағдайына келетін болсақ Нұр-Сұлтан қаласында барлығы 32 ірі кәсіпорын орналасқан. Оның ішінде тауарлық бетон, сондай-ақ темір-бетон бұйымдары мен конструкцияларын өндіру зауыты «Стройконструкция» АҚ, ЖШС «Тұлпар-Тальго» жолаушылар вагондарын құрастыру зауыты, Целиноград вагон жөндеу зауыты, «Еврокоптер Казахстан инжиниринг» ЖШС тікұшақтарды құрастыру зауыты жатады.

«Стройконструкция» АҚ - бұл уақытпен расталған адалдық пен сенімділікке ие болған зауыт. Бүгінгі күні өндірістің жылдық қуаты 350 мың $м^3$ құрастырмалы темір бетонды, 500 мың $м^3$ тауарлық бетонды және жылына жертөле қабырғаларының 15 мың $м^3$ блоктарын құрайды.

Кәсіпорынның қатысуымен салынған ғимараттар жергілікті тұрғындар мен елорда қонақтардың да қызығушылығына ие. Оларға: «Астана Опера» жаңа опера және балет театры, Хазрет Сұлтан мешіті, «Барыс Арена» хоккей стадионы, «Сарыарқа» республикалық велотрегі, «Астана Арена» футбол стадионы, «Алау» мұз айдыны және т.б. жатады. [1]

Сондай-ақ Республикалық деңгейде маңызы бар электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстандық компания «KEGOC», отандық зауыттардың сапалы отыны және Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасының МӨЗ өндірісінің отынын ұсынатын «КазМунайГаз Өнімдері» ЖШС, «Синойл» ЖШС, «Гелиос» ЖШС Нұр-Сұлтан қаласында шоғырланған.

Мемлекет астанасында барлығы 30 ЖОО және колледждері бар. Атап айтсақ: Еуразия ұлттық университеті, Қазақ ұлттық өнер университеті, Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық-техникалық университеті, ҚазМЗУ, М. В. Ломоносов атындағы ММУ (Қазақстандағы филиалы).

Жоғарыдағы барлық деректерге сүйене отырып құрылыс алаңы ретінде Нұр-Сұлтан қаласы таңдалды.

1.2 Цехтың жұмыс тәртібі

Кәсіпорынның жұмыс режимі өнімділікті, шикізат пен жартылай фабрикаттардың, жабдықтардың, жұмысшылардың құрамын және т. б. шығындалларды есептеу үшін негіз болып табылады.

Цехтың жұмыс режимі «Кәсіпорындардың технологиялық жобалау нормаларына» сәйкес таңдап алынады.

Цехтың жұмыс режимін таңдау кезінде негізгі технологиялық жабдықтың сипатын, оның ауысым, тәулік немесе апта бойы тоқтау мүмкіндігін, оның жыл бойы үздіксіз жұмыс істеу қажеттілігін, сондай-ақ жабдықты ағымдағы жоспарлы алдын ала жөндеуге арналған уақыт резервін ескеру қажет. [1]

Күрделі жұмысқа тоқтайтын үздіксіз жұмыс ережесіне сәйкес цехтың жұмыс уақытының қоры келесі формуламен анықталады

$$Ж_к = (365-30)\cdot 3\cdot 8 = 8040 \text{ сағ/ж},$$

$$n = 20\text{-}30 \text{ күн},$$

Шикізат өндіретін бөлімдер 3 ауысыммен жұмыс істеуі мүмкін

$$К_п = 0{,}85 - 0{,}95,$$

$$Ж_{кп} = Ж_к\cdot К_п = 8040\cdot 0{,}85 = 6834 \text{ сағ/ж},$$

Мұндағы $Ж_к$ – жұмыс уақытының қоры;

$К_п$ – жабдықты қолдану кэффициенті;

1 Кесте – Цехтың жұмыс тәртібі

Бөліс аталуы	Жылдағы жұмыс күндер саны	Тәулікте ауысым саны	Жұмыс ауысым ұзақтылығы, сағ.	Жылдық жұмыс уақыт қоры	
				тәулік	сағат
Шикізатты қабылдау	335	2	8	335	5360
Шикізатты дайындау	335	2	8	335	5360
Қалыптау	335	2	8	335	5360
Күйдіру	335	3	8	335	8040
Сапаны бақылау	300	1	8	300	2400
Дайын өнім қоймасы	335	3	8	335	8040

1.3 Өндіріс өнімінің номенклатурасы

Керамикалық тастар:

1. 2.1 НФ
2. 3.6 НФ

2 Кесте – Өнеркәсіп бұйымдарының номенклатурасы

Бұйым аталуы және эскизі	Өлшемдері, мм			Салмағы,кг
	ұзындығы	ені	қалыңдығы	
	250	120	140	3.8
	129	250	219	7

3 Кесте – Өндіріс өніміне сипаттама

Бұйым аталуы	Жылына	Тәулігіне	Ауысымда	Сағатына
2.1 НФ	10000000 дана	29851	9950	1244
3.6 НФ	5000000 дана	14925	4975	622

1.4 Шикізат және негізгі материалдарға сипаттама

Жеңіл балқитын саз

Бұл жыныстар - кірпіш және керамикалық тастар өндіру үшін шикізаттың негізгі түрі. Бұл әртүрлі табиғи полиминералды қосылыстар, олар сумен жабылған кезде иілімділікке ие болады, ал 800-1000°С температурада күйдіргеннен кейін тас тәрізді материалға айналады.

Саз алюминий, кремнийдің, темір, титан, кальций, магний, натрий, калий тотықтарының химиялық қосылыстарынан тұрады. Саздарда органикалық заттар мен судың кейбір мөлшері бар. [2]

Жеңіл балқитын саздың құрамына кіретін аса маңызды тотықтардың құрамы мынадай шектерде болады (пайызбен): кремнезем SiO_2 – 60 - 80; глинозем Al_2O_3 титан қос тотығымен бірге TiO_2 – 5 - 20; Fe_2O_3 темір тотығымен бірге FeO – 3 - 10; кальций тотығы CaO – 0 - 25; магний тотығы MgO – 0 - 3; сілтілі металдар тотығы Na_2O және K_2O – 1 – 5.

Кремнезем – кремний тотығы SiO_2 – байланысты және еркін күйлерде сазда болады: байланысты күйі кремнезем саз түзетін минералдар құрамына

кіреді, еркін күйі кварц құм және шаң тәріздес ұсақ бөлшектер түрінде ұсынылған.

Кварц құмы едәуір мөлшерде сазды ластайды және оның иілімділігін төмендетеді. Құм мөлшерінің ұлғаюымен бұйымдардың шөгуі және олардың механикалық беріктігі азаяды. Құмның жұқа фракциялары саздың кептіруге сезімталдығын арттырады. Кремнезем көп болған кезде бұйымдар күйдіру процесінде кварцтың масқа модификацияға айналу есебінен көлемі бойынша ұлғаяды.

Глинозем Al_2O_3 саз түзетін минералдар мен слюда тектес қоспалардың құрамына қатыса отырып, сазда байланысты күйде болады. Ол ең баяу балқитын тотық болып келеді. Глинозем құрамының артуымен, әдетте, саздың иілімділігі артады, қалыптасқан, құрғақ және күйдірілген бұйымдардың беріктігі артады, олардың отқа төзімділігі артады.

Титанның қос тотығы TiO_2 аз мөлшерде (1,5 пайызға ға дейін) бар және күйдірілген бұйымға жасыл түсті бояу береді; қарқындылығы басқа тотықтармен арақатынасына байланысты. [2]

Темір тотығы Fe_2O_3 негізінен саз қоспаларының құрамында болады және күйдіргеннен кейін оларға қызыл түс береді; қалпына келу ортасында 3 пайыз және одан да көп болған кезде темір тотығы бұйымның күйдіру температурасын айтарлықтай төмендетеді, шала тотығатын қалыптарға айналады. Сазда темір тотығынан басқа пирит, темір карбонаттарының гидрототығы түріндегі темір қосылыстары кездеседі.

Кальций тотығы (әк) CaO және магний тотығы (магнезия) MgO карбонатты жыныстардың - әктас, кальцит, доломит құрамына кіреді және $CaCO_3$ көмірқышқыл кальций карбонаты және $MgCO_3$ көмірқышқыл магний түрінде сазда болады.

Бұйымдарды күйдіру процесінде пайда болатын ауа ылғалының әсерінен кальций тотығы кальций тотығының гидратына $Ca(OH)_2$ айналады және көлемі ұлғая отырып, бұйымдарды бұзады. Магний тотығының әсері айтарлықтай аз. Кальций тотығы алынған өнімнің түсіне әсер етеді және оларға сарғыш немесе қызғылт түс береді. Кальций тотығы жұқа тозаңданған күйде шикізаттың кептіруге сезімталдығын азайтады, яғни жарықтың пайда болуын төмендетеді.

Na_2O және K_2O сілтілі металдардың тотықтары балқытпа (қоспалардың балқу процесін жеделдететін зат) болып табылады. Олар күйдіру температурасын төмендетеді және керамикалық бұйымға беріктік береді. Олардың жоғары пайызы, әсіресе K_2O, слюда мен гидрослюданың саз құрамында едәуір мөлшерде болатынын білдіреді. Бұл тотықтар саз түзетін минералдардың құрамына кіреді, бірақ көп жағдайда еритін тұздар түріндегі қоспаларда кездеседі. Бұйымдарды кептіру кезінде соңғылары капиллярлар бойынша олардың бетіне көшіп - қонады (өтеді), ал күйдіргеннен кейін бұйымның сыртқы бетінде оның түсін бұзатын ақшыл жұқа қабат жасай отырып, бұйыммен бірігеді. Сілтілі металдардың тотықтары темір тотығының және титан қос тотығының бояғыш әсерін әлсіретеді.

Органикалық заттар әрдайым үлкен немесе аз мөлшерде саздарда болады және шикізатқа қараңғы және сұр реңктер береді, ал күйдіргенде кірпішке күңгірт түс береді. Органикалық заттар кептіру процесінде маңызды рөл атқарады. Коллоидты жағдайда жиі бола отырып, олар судың көп мөлшерін байланыстырады, иілімділікті арттырады, ал кептіру кезінде кептірілетін шикі кірпіштің беткі қабаттарын жабыстырып және соза отырып құрғатылған судың есебінен көп мөлшерде ауа шөгуінің пайда болуына ықпал етеді; органикалық заттар жарықтың пайда болуына ықпал етеді.

Құрылысы, құрамы және қасиеттері бойынша біртекті химиялық қосылыстар минералдарды құрайды. Саз түзетін минералдардың көптеген саны белгілі, олар әдетте төрт топқа біріктіріледі: каолинитті, галлуазитті, иллитті (гидрослюдист) және монтмориллонитті.

Жеңіл балқитын саздар әдетте бірнеше минералдардан тұрады, көбінесе монтмориллонит және гидрослюдты топтардан, кейде каолинит минералдарының аздаған қоспасы бар топтардан тұрады.

Жеңіл балқитын саздарда минералдар ретінде - жиі кварц, $CaCO_3$ әктас және $CaCO_3 \cdot MgCO_3$ доломит кездеседі.

Кварц сазда жұмырланған түйіршіктер түрінде немесе дұрыс емес формалы бөлшектер түрінде ездеседі. Кварц сазды азғындырады, ал оның жоғары мөлшері бұйымдардың беріктігін азайтады. [2]

Ірі қосылыс түріндегі саздағы әктас және доломит зиянды қоспалар және бұйымдарды күйдіргеннен кейін бұзады. Егер бұл минералды қоспалар сазда жұқа дисперсті күйде болса және біркелкі бөлінген болса, олар бұйымдардың бұзылуын тудырмайды және саздың иілімділігі мен отқа төзімділігін азайтады.

Бұл дипломдық жобада Ақмола кен орны, Целиноград ауданы, Астана қаласынан солтүстік-шығысына қарай 7 км орналасқан жердегі жеңіл балқитын саз қолданылады. Үшіншілік және делювиальды-аллювиальды саз және төртіншілік саздақ түрінде ұсынылған. Аршу қуаты 0,32 м. Пайдалы қабаттың қуаты 6,3 м. 75-150 маркалы қалыпты саз кірпішін дайындау үшін жарамды. Қорлар КМУ №16 30/IX 1952ж. ТК бойынша расталған. А+В санаты бойынша қорлар - 9828 мың $м^3$; А+В+С1 - 645 мың $м^3$.

Физика-химиялық қасиеттері: үйілмелі тығыздығы 1,7 $т/м^3$, ылғалдылығы 13-16 пайыз, иілімділік саны 12,3-16,5.

Түйіршік құрамы: 4,0 мм – 3,2 – 3,97; 4 – 1,0 мм – 19,7 – 42,7; 0,05 – 0,005 мм – 19,0 – 28,0; <0,005 мм – 21 – 42.

4 Кесте – Баяу балқитын саздың химиялық құрамы, пайыз

SiO_2	CaO	MgO	Al_2O_3	Fe_2O_3	Na_2O	SO_3	K_2O	к.к.ж
62,88	4,17	1,76	18,39	5,96	1,9	0,64	0,8	10,2

Ағаш үгіндісі

Бойлық және көлденең кесілген ағаш үгінділерін қолданады. Ұзына бойы кесілген үгінділерге артықшылық беру керек. Ұзын талшықты үгінділер

болғандықтан олар саз массасын арматуралайды және оның үзілу кедергісін арттырады, сонымен бірге кептіру кезінде жарық пайда болу төзімділігін арттырады. Үгінділер саз массасының қалыптау қасиеттерін жақсартады, бірақ бұйымдардың беріктігін төмендетеді, су сіңіруін арттырады.

Толық және қуыс керамикалық бұйымды өндіру кезінде үгінділерді қолдану кірпіштің көлемді массасын төмендетеді және тиісінше оның жылу қорғағыш қасиеттерін жақсартады.

Кейбір жағдайларда үгінділердің 5-6 пайызын қосу кірпіш пен тастардың аязға төзімділігін арттырады. Шихта құрамындағы үгінділердің саны едәуір болған кезде бұйымдардың сыртқы түрі нашарлайды және беріктігі төмендейді. Үгінділерді қоспа ретінде қолданудан ең үлкен әсер оларды минералды тазартқыштармен, мысалы шамотпен, сондай-ақ көмірмен бірге енгізгенде алады.

Бұл дипломдық жобада «Алтын Ағаш Астана» кесілген ағаш материалдары мен құрылыс материалдарын жеткізуші компаниядан ағаш үгінділері қолданылады. Ағаш үгінділерінің тығыздығы 0,35 т/м^3, ылғалдылығы 5-6 пайыз, к.к.ж. – 88,5 пайыз.

Пайдаланылатын отын

Жылу өндіру үшін жанатын заттар отын деп аталады. Отынды жіктеу негізіне оның физикалық жай-күйі жатады. Әр түрлі отын түрлерінің жалпы жіктелуі 5 – кестеде келтірілген.

5 Кесте – Отынның жіктелуі

Физикалық жай-күйі	Шығу тегі	
	Табиғи	Жасанды
Қатты	Ағаш, шымтезек, қоңыр көмір, тас көмір, жанғыш тақтатастар	Ағаш көмірі, кокс, шаң тәрізді отын, брикеттелген отын
Сұйық	Мұнай	Бензин, керосин, мазут, тас көмір шайыры
Газ тәріздес	Табиғи және мұнай кәсіпшілік газдары	Кокс, домна, жарық, су, генераторлық газдар

Қатты отын. Қатты табиғи отынның негізгі түрлері ағаш отыны, шымтезек және қазба көмір болып табылады. Қазба көмірі үш түрге бөлінеді: қоңыр көмір, тас көмір және антрациттер. [2]

Жобалау кезінде отын ретінде Қарағанды көмір бассейні қолданылды.

Шихтаның нақты химиялық құрамын есептеу

Шихта құрамы, мас.%

Жеңіл балқитын саз – 85

Ағаш үгіндісі – 15

Шикізат ылғалдылығы(W):

Жеңіл балқитын саз -15%
Ағаш үгіндісі - 6%

Шикізат тығыздығы:

Жеңіл балқитын саз - 1,7 т/м^3
Ағаш үгіндісі – 0.35 т/м^3

1. Көлемдік пайызды массалық пайызға ауыстырамыз. Ол үшін 1м^3 шихтаның салмағын есептейміз.

1м^3-та 1,7 т/м^3 тығыздығы бар 85% сазда болады: 1,7 т/м^3 · 0,85=1,445 т;
1м^3-та 0,35 т/м^3 тығыздығы бар 15% ағаш үгіндісінде болады: 0,35т/м^3 · 0,15= 0,05 т;
Жиынтығы: 1,445 + 0,05 =1,495 т салмақ болады.
1м^3 шихтаның салмағы 1,495 т.
Сондықтан:
Сазда болады: (1,445·100):1,495=96,65%
Ағаш үгіндісінде болады: (0,05·100):1,495=3,34%

Құрғақ мөлшерін алу

100 – 15%
96,66 – x% x = 14,45% 96,66 – 14,45=82,21%

100 – 6%
3,34 – x % x = 0,2% 3,34 – 0,2=3,14%

82,21+3,14=85,35%

Барлық абслютті құрғақ массада 100 кг шихта 85,35 кг

85,35 – 82,21% жеңіл балқитын саз
100 – x % x=96,32%

85,35 – 3,14% ағаш үгіндісі
100 – x % x=3,68%

100%

$\frac{96,32}{100}$=0,9632 $\frac{3,68}{100}$=0, 0368

6 Кесте – Жеңіл балқитын саздың химиялық құрамы, пайыз

SiO_2	CaO	MgO	Al_2O_3	Fe_2O_3	Na_2O	SO_3	K_2O	к.к.ж	Σ
62,88	4,17	1,76	18,39	5,96	1,9	0,64	0,8	10,2	106,7

62,88 – 106,7 | x = 58,93%
x – 100

4,17 – 106,7 | x =3,9%
x – 100

1,76 – 106,7 | x = 1,65%
x – 100

18,39 – 106,7 | x =17,23%
x – 100

5,96 – 106,7 | x = 5,58%
x – 100

10,2– 106,7 | x =9,55%
x – 100

1,9– 106,7 | x = 1,78%
x – 100

0,64 – 106,7 | x = 0,6%
x - 100

0,8 – 106,7 | x = 0,75%
x – 100

58,93+ 3,9+ 1,65+ 17,23+ 5,58+ 1,78+ 0,6+ 0,75+ 9,55 = 100%

SiO_2 ─ 58,93·0,9632=56,76 %
CaO ─ 3,9·0,9632=3,76 %
MgO ─ 1,65·0,9632=1,6 %
Al_2O_3 ─ 17,23·0,9632=16,6 %
Fe_2O_3 ─ 5,58·0,9632=5,37 %
Na_2O ─ 1,78·0,9632=1,71%
SO_3 ─ 0,6·0,9632=0,58%
K_2O ─ 0,75·0,9632=0,72 %
К.к.ж. ─ 9,55·0,9632=9,2%

Ағаш үгіндісін 100% - ға келтіреміз

88,5 – 88,5 | x = 100%
x – 100

100·0,0368=3,68%

7 Кесте – Шихтаның химиялық құрамы, пайыз

Шикізат түрі	Жеңіл балқитын саз	Ағаш үгіндісі	Σ
SiO_2	56,76	-	56,76
CaO	3,76	-	3,76
MgO	1,6	-	1,6
Al_2O_3	16,6	-	16,6
Fe_2O_3	5,37	-	5,37
Na_2O	1,71	-	1,71
SO_3	0,58	-	0,58
K_2O	0,72	-	0,72
К.к.ж.	9,2	3,68	12,88

1.5 Бұйымның өндіріс тәсілін негіздеу

Қалыптаудың мақсаты – жартылай фабрикатқа пішін, өлшемін, тығыздығын және қажетті беріктігін беру. Керамикалық бұйымдар кейіннен кептіру және күйдіру арқылы иілімді тәсілмен қалыптау және жартылай құрғақ престеу тәсілдерімен жасалады.

Иілімді қалыптау тәсілі бастапқы материалдарды қайта өңдеу процесінде әдетте 18 – 23 пайыз ылғалдылықпен иілімді саз массасын алуды, кейіннен таспалы престерде алынған дайындамалардың төменгі қысымдарында механикалық қалыптау немесе мундштук арқылы массаны езіп шығару жолымен таспалы престерде шикізатты қалыптауды карастырады.

Керамикалық тастарды иілімді тәсілмен қалыптау машиналық тәсілмен орындалады. Тас қалыптаудағы, кесудегі және іріктеудегі механизация деңгейі- орта есеппен шамамен 50, ал кейбір зауыттар бойынша 85 пайызға дейін жетеді. [3]

Керамикалық бұйымдарды иілімді қалыптау тәсілі ең кең таралған. Престердің мундштуктеріне сыртқы қабырғалардың массасын және жылу өткізгіштігін азайтатын түрлі конфигурациялы қуыстарды алуға мүмкіндік беретін арнайы құрылғылар - керндер орнатылады.

Иілімді қалыптау тәсілінің маңызды кемшілігі технологиялық циклдің ұзақтығы 1-ден 3 тәулікке дейін созылатын шикізатты кептіру процесі есебінен. Қалыптасқан шикізат беріктігінің төмендігі, әсіресе қуысты бұйымдарда, кептіру кезінде материалдың көп шөгуі және кептірудің жеке процесінің болуы шикізатты кептіруге отырғызу кезінде еңбекті қажет ететін операцияларды механикаландыру, кептіру және күйдіру процестерін бір агрегатта күйдіру және біріктіру үшін кептірілген шикізатты қайта салу мүмкіндігін қиындатады.

Құрылыс керамикалық бұйымдарды өндіру жартылай құрғақ тәсілі иілімді қалыптау тәсіліне қарағанда аз таралған. Керамикалық бұйымдар осы әдіс бойынша ылғалдылығы 8-12 пайыз шихтадан 15-40 МПа қысымда қалыптасады.

Жартылай құрғақ престеу тәсілі бұйымдарды анық формалы түрде алуды қамтамасыз етеді. Шикізаттың шамалы ылғалдылығы бірқатар жағдайларда оны бірден пешке көшіре отырып, дербес және қысқа кептіру процесін болдырмауға мүмкіндік береді. Пештерде күйдіру жағдайында иіліміді қалыптау тәсілі кезінде орын алатындай кептіргіш вагонеткалардан күйдіру вагоншаларына қолмен салу процесін өтіп, пеш вагоншаларына тікелей көп қатарлы отырғызуды жүргізуге мүмкіндік береді.

Екі тәсілдің де өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Иілімді қалыптау тәсілі бұйымдарды кең ассортиментте, үлкен мөлшерде, күрделі формада және үлкен қуыста шығаруға мүмкіндік береді.

Шикізат ретінде қолданылатын саз ылғалдылығы 15 пайыз болғандықтан, жобада бұйымдарды иіліміді әдіспен қалыптау тәсілі көрсетілген.

1.6 Бұйымды өндірудің негізгі технологиялық тізбегін сипаттау

Өндіру жұмыстары сазды массивтен алу және оны көлік құралдарына тиеуге дейінгі операциялардан тұрады.

Карьерде өндірілетін саздың қасиеттері бірдей емес. Орналасу қалыңдығы бойынша әдетте икемділік, ластану дәрежесі, шикізаттың ылғалдылығы және химиялық құрамы өзгереді. Сондықтан саз карьерлерде олардың табиғи жағдайында, алдын ала дайындықтарсыз кірпіш пен керамикалық тастар дайындауға жарамсыз.

Қолда бар шикізаттан жоғары сапалы өнімдерді алу үшін ең алдымен саз массасын біртекті етіп жасау керек, яғни оны орташаландыру (біркелкілеу) қажет. Бұл карьерде саз өндіру процесінде жабық үлгідегі стационарлық саз қоймасына, сондай-ақ «конустар» деп аталатын ашық сазқұбырларға сазды аудару арқылы өндіріледі. Конус биіктігі 6-8 м және ковш рамасының ұзындығына немесе экскаватор жебесіне тең. [2]

Ковш сыйымдылығы 0,5-тен 2 м^3-ге дейінгі бір ковшты шынжыр табанды экскаваторлар арқылы саз зауыт қоймасына жеткізіледі. Саз қоймасынан жеңіл балқитын саз бірден саз қопсытқышқа беріледі.

Зауытқа өнімділігі 25 м^3/сағ, бункер сыйымдылығы 4,25 м^3, электрқозғалтқышының қуаттылығы 10 кВт СМК-70 саз қопсытқышы орнатылған.

Саз қопсытқыштың жұмыс істеу принципі - саздың ірі кесектері қопсытқыштың корпусына түсіп, билдермен кесіледі, ал саз құрғақ кезінде ұсатылады. Тор арқылы ұсақталған кесектер жәшікке түседі.



1 – корпус, 2 – мойынтірек, 3 – жұдырықшалы-дискті муфта, 4 – жетек, 5 – бил, 6 – тор, 7 – білік

1 Сурет – СМК-70 саз қопсытқышы



1 сұлба – Көлемді боялған керамикалық тас өндірудің технологиялық сұлбасы

Саз қопсытылғаннан кейін саз өңдейтін машиналардың шикізатымен біркелкі және үздіксіз қоректендіруге, берілетін шикізатты мөлшерлеуге және ірі саз кесектерін ішінара ұсақтауға арналған қоректендіргіш жәшікке түседі. Жәшіктегі қоректендіргіште саз қорын ұлғайту мақсатында оны тереңдетеді және оның үстіне қоректендіргіш сыйымдылығынан бірнеше есе асатын көлеммен ашық бункер орнатылады.

Сазды бастапқы ұсақтау және одан ірі қатты қоспаларды бөліп алу үшін тас шығаратын дезинтеграторлық біліктер СМ-1198 қолданылады. Тас бөлетін біліктер саз массасын ірі ұнтақтауға және одан тасты қоспаларды бөлуге арналған. Дезинтеграторлық біліктер тек 10 мм-ден астам көлемді тастарды бөледі, ал ірі тастардың бір бөлігін ұсақтайды. Саз біліктер арасында түсіп ұсақталады және ішінара үйкеледі. Біліктердің бірі қозғалмайтын мойынтіректе айналады, ал екіншісі қатты заттар (мысалы, тас, кездейсоқ металл) түскен жағдайда қозғалуы мүмкін және серіппенің әсерінен кері қайтуы мүмкін. Бұл біліктер әртүрлі диаметрмен орнатылады және олардың әрқайсысының әртүрлі жұмыс беті бар - үлкен біліктер тегіс, ал кішілері қабырғалы.

Әр түрлі жылдамдықпен біліктердің айналу салдарынан (үлкен - 35-60, кіші - 400-600 айн/мин) саз балшығы үгітіледі. Тастар шағын біліктерге түсіп, олар алып тасталатын ағынға үлкен білік арқылы тасталуы мүмкін. Бұл біліктер тас бөлетін деп аталады. Біліктер арасындағы саңылау материалдың шекті ірілігін анықтайтын 8-15 мм. [2]

Саз массасын одан әрі ұнтақтау майда ұнтақтайтын дифференциалды біліктерде орындалады. Ірі ұсақтайтын біліктерге қарағанда оларда біліктер арасында реттеуге болатын 0,8-3 мм саңылау болады. Жүктелетін кесектердің ең үлкен шамасы - 30 мм.



2 Сурет – СМК-516 Майда ұнтақтайтын білігі

Біліктерге қайта өңдеуге түсетін саз массасының ылғалдылығын артқан сайын оның ұнтақталу дәрежесі өседі және тиісінше кептірілген бұйымдардың беріктігі артады. Сондықтан біліктерге ылғалдылығы қалыптауға жақын сазды беру орынды. Ұнтақталған саз өлшемі 1 мм-ден артық болмауы тиіс. Ұнтақталғаннан кейін саз қор бункеріне жіберілерді және одан мөлшерлегішке жіберіледі.

Саз дайындалып жатқан уақытта қатар түрде қоспалар да дайындалады, яғни ағаш үгіндісі мен түс беруші пигменттер параллель дайындалады. Ағаш үгіндісі жәшікті қоректендіргішке беріледі, содан соң қажетті фракцияны бөліп алу үшін «сито-бурат» деп аталатын елеуішке жіберіледі.

Сито-бурат СМ-237М ұнтақталған материалдарды елеу және классификациялау үшін қолданылады. Сито – бурат көлденең осі бар барабан түріндегі електен барабаннан, бункері бар тұғырдан, қаптамадан, електен және жетектен тұрады. [4]

Сито-бурат барабанның тар бөлігі жағынан тиеу воронкасы арқылы жүктеледі. Барабанның конустылығы салдарынан айналғанда материал шығу тесігіне ауыстырылады және бункерге електеледі. Електен өтпеген үгінділердің ірі бөлшектері барлық барабан арқылы өтеді және қалдықтарға немесе қайталама ұсақтауға түседі. Еленген ағаш үгіндісінің өлшемі 1,25 мм-ден үлкен болмауы тиіс. Дайын қоспа қор бункеріне жіберіліп, келесі кезекте мөлшерлегішке жөнелтіледі.



1 – қабылдағыш бункер, 2 – конустық барабан, 3 – елек, 4 – бекітілген бұрама, 5 – втулка, 6 – білік, 7 – қоршау

3 Сурет – Сито-бурат СМ-237

Көлемді-боялған қуысты керамикалық тас алу үшін шихта құрамына әртүрлі пигменттер қосылады. Әдетте бұйымды бояу үшін құрғақ қоспаның массасына есептегенде 2-3 және 5-6 пайыз көлемінде пигмент қосылады.

Пигменттің мөлшері ұлғайған сайын дайын өнімнің түсі ашық реңнен қаныққа өте береді және ол дайын өнімнің беріктігінің төмендеуіне әсер етеді. Керамикалық тасты дайындау үшін құрғақ қоспаға 2-5 пайыз пигментті енгізу оның оңтайлы құрамы деп санауға болады.

Марганец диоксиді (MnO_2). Марганец диоксиді (пиролюзит) негізінен марганец тотығынан тұратын табиғи марганец рудасы болып табылады. MnO_2 – суда ерімейтін, бірақ тұзды қышқылда хлор бөліп ертиін қою қоңыр немесе сұр түсті ұнтақ. Марганец диоксидін сулы және сулы емес құрамдарда қолданады. Марганец диоксиді – ең арзан пигменттердің бірі. Керамикалық бұйымды бояу үшін (сұрдан қараға дейін) қос қышқылды марганец сазға 1-5 пайыз пропорцианал қосылады. Қос қышқылды марганецті қосу су сіңіргіштікті төмендетіп, күйдірілген бұйымның беріктігін жоғарылатады.

Темір оксиді (Fe_2O_3) – оттек және темірдің байланысы, ол гематит деп аталатын бейорганикалық зат болып табылады.Физикалық қасиеттері: қатты күй, қызыл – қоңыр түс, термиялық төзімді, балқу температурасы 1566^0С, тығыздығы 5,242 г/см^3. Химиялық қасиеттері: сумен әрекеттеспейді, басқа металлдардың оксидтерімен балқиды және қос оксидтер түзеді – сілті және қышқылдармен баяу әрекеттесетін шпинельдер. Керамикалық материалдарды қызыл және қою қызыл түске бояу үшін 5-10 пайыз мөлшерінде қолданылады.

Мырыш оксиді (CuO_2). Мырыш оксиді, түйіршіктелген және ұнтақ тәріздес – қоңыр құба және қара құба түсті өлшемдеі 3-5 мм болатын қатты түйіршіктер (түйіршіктелген) немесе қара түсті ұсақ ұнтақ (ұнтақ тәріздес) болып табылады. Мырыш оксиді суда ерімейді, қышқылдарда ериді. Ұнтақ тәріздес мырыш оксиді (II) аммоний тұздарында аз ериді. Сыртқы түрі мен түсі: қара түсті ұнтақ. Шашырағандағы тығыздығы – 2,2 г/см^3 шамасында. Балқу температурасы 1200^0С. Саз массасынан 3-7 пайыз мөлшерде керамикалық материалдарды сұрдан қара түске дейін бояу үшін қолданылады. [3]

Титан диоксиді (TiO_2). Ақ ұнтақ, ысытқанда сарғаяды, термиялық және химиялық төзімді, қышқылдармен және сілтілермен, аммиак гидратымен сұйылтылған сумен әрекеттеспейді. Титан диоксиді зиянды емес және өте қауіпсіз зат болып саналады. Титан диоксидінің ерекшеліктері: жақсы бояғыш қасиеттері бар, яғни басқа заттармен салыстырғанда ақ түске бояу үшін аз титан диоксиді қажет етіледі; атмосфералық жауын шашынға жақсы төзімді, жақсы оптикалық сипаттамалары бар (жарықты шашырату қабілеті бар), химиялық инертті. Титан оксидінің балқу температурасы 1870^0 С, 20^0 С – та титан оксидінің тығыздығы 4,235 г/см^3 құрайды. Саз массасынан 3-10 пайыз мөлшерде керамикалық материалдарды ашық сары түстен ашық қоңыр түске дейін бояу үшін қолданылады.

Хром оксиді (Cr_2O_3). Жасыл түсті өте қатты баяу балқитын ұнтақ. Балқу температурасы 2435^0 С, қайнау температурасы 4000^0 С шамасында. Тығыздығы 5,21 г/см^3. Пигментті хром оксиді суда, қышқылдарды, сілтілерде ерімейді. Қаттылығы жағынан корундқа жақын, сондықтан оны сүртетін заттардың құрамына енгізеді. Сонымен қатар жақсы дисперсті, сілтілерге жақсы төзімді, температураға жақсы төзімді, жарыққа және ауа райына жақсы төзімді, зиянды

емес. Саз массасынан 1-5 пайыз мөлшерде керамикалық материалдарды жасыл түстен ашық қою жасыл түске дейін бояу үшін қолданылады.

Шикізаттар қажетті көлемде мөлшерленіп, СМК-126 қалақты араластырғышқа конвейер арқылы жеткізіледі. Берілген пропорциядағы саз пен қоспалар араластырғышқа үздіксіз жүктеледі және қоспаны бір мезгілде түсіру саңылауына жылжытатын айналмалы қалақтармен біліктерге отырғызылған қалақтармен араластырылады. Араластыру жылдамдығы мен массаны өңдеу дәрежесін қалақтардың көлбеу бұрышын өзгерту арқылы реттейді.

Маңызды кезеңдердің бірі болып – қалыптау саналады. Престеу кезінде брустың дұрыс пішіні — дөңессіз, кесілмеген болуы, ал кесілген шикі бұйым - қатаң тікбұрышты пішінді, айқын қырлы, түзу қабырғалары, бүтін бұрышты, кесік сызықтарсыз, тегіс болуы тиіс.

Алдын ала дезаэрленген бұйымдарды престеу үшін вакуумдық таспалы пресс СМК-133 қолданылады.

Иілімді саз массасы қатты минералды фазадан, су мен ауадан тұрады, ауа құрамы 10 пайызға жетеді. Саздағы ауа оған ылғалдың ену процесін баяулатады, нығыздау кезінде біркелкі тығыздалмауға алып келеді және сығымдалған бұйымда сығылған ауаның серпімді күйінен кернеуді тудырады, соның салдарынан микрожарықшақтар пайда болады. Ауа массаның нығыздалғыш қабілетін төмендетеді. [3]

Егер преске түсетін саз массасынан вакуум көмегімен ауаны алдын ала алып тастайтын болса (оны дезаэрациялайтын), онда ол неғұрлым жоғары байланыстылық пен тығыздыққа ие болады. Саз брусының үзілуге кедергісі артады және ол резеңке тәрізді жағдайға ие болады. Вакуумдалған саздан жасалған престелген 2-3 есе, ал кептірілген бұйымның беріктігі — шамамен 1,5 есе артады. Күйдірілген бұйымның көлемді массасы 3-4 пайызға өседі, су сіңіру 10-15 пайызға төмендейді, ал беріктігі массаның дезаэрациясыз сығымдалған бұйымдардың беріктігімен салыстырғанда 30-40 пайызға артады. Вакуумдау қажетті қалыптау ылғалдылығын азайтады және әдетте 2-3 пайыз кем ылғалдылығы бар бұйымдарды престеуге мүмкіндік береді.



4 Сурет – Вакуумды пресс СМК-133

Бұйым 1,6-7 Мпа қысыммен престеледі. Бірақ әдетте 20 атм қысым, яғни 2 МПа қысым қолданылады.

Вакуумдық престен шығатын бұйым қуысты болуы қажет. Ол үшін мундштукке өзек қондырады, ал өзек қапсырмадан, керн ұстағыштан және керннен (қуыс құраушылар) тұрады.



5 Сурет – Қуысты тастарды престеуге арналған өзек

Пресстелген шикі бұйым қажетте өлшемде СМК-163 автомат-кескішінде кесіліп, СМК-127 автомат отырғызғышпен кептіргішке жіберіледі.

Иілімді тәсілмен престеліп дайындалған шикі керамикалық тастарға механикалық беріктікті беру және күйдіруге дайындау үшін ондағы ылғалды бойынан алып тастау қажет.

Кептіру деп бұйымды буландыру арқылы материалдардан ылғалды жою процесі аталады. Күйдіруден бұрын өнімдерді 5-6 пайыз ылғалдылық деңгейіне дейін құрғатады.

Шикі өнімді кептіруді тек конвективті әдіспен, яғни өнім мен жылу тасығыштың арасындағы жылу алмасуының салдарынан ылғал буланатын әдіспен жүргізіледі. Жылу тасымалдаушы ретінде отынды жағудан алынатын қыздырылған ауаны немесе түтін газын пайдаланады. Бұл жылу тасымалдағыштар бір мезгілде ылғал сорғыш болып табылады, өйткені шикі өнімге жылу беріп, ондағы ылғалды сіңіреді.

Кептіру процесі келесі негізгі факторлармен сипатталады: материал ішіндегі ылғалдың жылжу жылдамдығы, материал бетінен қоршаған ортаға ылғал беру жылдамдығы және материал ішіндегі ылғалдылықтың біркелкі бөлінбеуіне байланысты шөгу кернеулермен. Өнімнің беттен булану және ылғал кетіру процесі сыртқы диффузия деп аталады. Сыртқы диффузия жылдамдығы жылу тасығыштың параметрлеріне – температура мен ылғалдылыққа, сондай-ақ кептірілетін бұйымға қатысты оның қозғалыс жылдамдығына байланысты. [4]

Шикі керамикалық тастарды кептіру үшін жылу тасымалдағыштың көлденең бағытта қарсы туннельді кептіргіштер кеңінен таралған. Мұндай кептіргіштер үздіксіз жұмыс істейтін кептіргіштерге жатады.

Қарсы ағынды кептіргіштің әрбір туннелі ұзындығы 30-36 м, биіктігі 1,4—1,7 м, ені 1,15—1,40 м камераны тұрады. Туннельде шикізаты бар

вагонеткалардың қозғалуына арналған таржолдық рельс жолы орналасқан. Туннельдің ұшында бір немесе екі жақты есіктер жасалған.

Туннельді қарсы ағынды кептіргіштер құрылымы бойынша қарапайым және конструкциялық жағынан тек төменгі немесе жоғарғы болып келетін жылу тасымалдағышты жеткізу және бұру схемаларымен ғана ерекшеленеді; төменгі жеткізу, жоғарғы бұру, немесе керісінше, бір тесіктен шоғырланған немесе бірқатар тесіктер арқылы бөлінген.

Жылу тасығышты туннельдің соңында орналасқан саңылаулар арқылы шикі өнімді түсіру жағынан, ал оны вагонеткаларды тиеу жағынан туннельдің қарама — қарсы соңында алады.

Туннельдер 10-20 туннельден блоктарға біріктіріледі. Әрбір блокта ағынды және сору желдеткіштері орнатылған. Туннельдер фронтының бойымен олардың түсіру және тиеу жақтарында ағынды және сорғыш каналдар орналасқан.

6 Сурет – Туннельді кептіргіш

Бұйымдардың кептіруге сезімталдығына және олардың шекті ылғалдылығына, яғни шөгудің соңына, рециркуляциялаушы жылу тасымалдағышы бар аймақты туннельдің 1/3 -1/2 ұзындығына ұлғайтады. Жылу тасымалдағыштың салыстырмалы ылғалдылығы қондыру аймағының ең басында 85-90 пайыз деңгейінде, ал қондыру аймағының соңында — 30-45°С дейінгі температурада 70-75 пайыз ұсталады. [3]

Қосымша кептіру аймағында туннельдің шығысындағы жылу тасымалдағыштың температурасын 110-140°С дейін көтеру жолымен жоғары қарқынды кептіру режимі орнатылады. Бұл ретте туннельдің жанды қимасында кептіру агентінің орташа жылдамдығы әсіресе қондыру аймағында жоғарылайды, бұл желдеткіштердің қуатын ұлғайтуды талап етеді.

Туннельді кептіргіштерде шикі бұйымды жылу тасығыштың температурасы 50-80° С және одан жоғары, пайдаланылған жылу тасығыштың

температурасы 25-40° С және бір туннельге жылу тасығыштың шығысы 3000-10 000 м^3/с болғанда 12-50 сағат ішінде кептіреді.



1 - кептіргіш туннелі, 2 - вагонетка, 3 - ыстық жылу тасымалдағышты жеткізу, 4 - жылу тасымалдағышты бұру, 5 - сорып шығаратын желдеткіш, 6 - атмосфераға шығару, 7 - жылу тасымалдағышты рециркуляциялауға арналған желдеткіш, 8 - рециркуляциялайтын жылу

7 Сурет – Қарсы ағынды туннельді кептіргіштегі рециркуляция сұлбасы

Келесі кезең – ең маңызды кезең, шикі бұйымды күйдіру. Күйдіру деп материалдарды жоғары температурада өңдеу процесі, нәтижесінде шикі өнім механикалық, физикалық және химиялық әсерлерге қарсы төзімді тас тәрізді денеге айналады. [2]

Күйдіру режимі өзара байланысты факторлардың кешені болып табылады: температураны көтеру жылдамдығы, соңғы күйдіру температурасы, соңғы температура кезінде ұстау ұзақтығы, газ ортасының сипаты және салқындату жылдамдығы. Бұйымдарды күйдіру үшін туннельді пеш қолданылады.



А - дайындау аймағы, Б - күйдіру аймағы, В - салқындату аймағы; 1-пештен пайдаланылған газдарды іріктеу желдеткіші, 2-пешке суық ауаны беру желдеткіші, 3,4 — пештің есігі

8 Сурет – Қарапайым туннельді пешінің сұлбасы

Қыздыру барысында әр түрлі температураларда керамикалық бұйымдардың материалында оның қасиеттерінің өзгеруін тудыратын күрделі физика-химиялық құбылыстар болады. 0-150° С температура аралығында шикізат кептіріледі (досушка). Бұл ретте температураны жылдам көтеру кезінде бұйымның сынуы мүмкін аса қарқынды бөлінетін су буының едәуір мөлшері пайда болады. Жылдам күйдіру кезінде бұл бұйым үшін ең қауіпті кезең. Егер пешке мүлдем құрғақ бұйым түссе, ол күйдіру режимінен шығарылуы мүмкін.

Осыған байланысты пешке тиелетін шикі бұйымның оңтайлы ылғалдылығы 2-6 пайызды құрауы тиіс. Егер пеште кептіру негізінен

температураны қарқынды көтеру есебінен жүргізілсе, мұндай ылғалдылықты шикі бұйымды жедел күйдіру мүмкін емес.

Бұл жағдайда материалдың беті тез құрғап, қатты қызады. Материалдың ішінде температура біртіндеп 100° С дейін көтеріледі, бұл деңгейде ылғал толық жойылғанға дейін ұстап тұрады, бұл беттің және бұйымның ішкі бөлігінің арасындағы айтарлықтай температуралық ауытқуларға және соның салдарынан шамадан тыс кернеуге және жарықтардың пайда болуына әкеледі. Алайда, егер де кептіруді оның температурасының орташа жоғарылауы кезінде (шамамен 50-80 град/С) газ ағынының жылдамдығын арттыру есебінен жүргізілсе, онда процесс өте қарқынды (бір шикізаттан шамамен 200 г/с ылғал), шикі өнім қалыңдығы бойынша (20-30° С) шамалы температуралық ауытқулар кезінде және өнімнің сапасы үшін зиянсыз жүргізіледі.

Шикі заттың температурасы 100-120 °С дейін көтерілген кезде еркін және физикалық байланысқан су буланады, 300-ден 400 °С аралығында органикалық қоспалар жанады.

450-700 °С дейін қызған кезде β-кварц → α-кварц полиморфтық түрленуі жүреді, су алюмосиликаттарының дегидратациясы басталады, мысалы $Al_2O_3 \cdot 2SiO_2$ метакаолинит түзілуімен каолинит. Температураның 900°С дейін жоғарылауы кезінде карбонаттардың CO_2 бөлінуімен диссоциациясы, сондай-ақ

$$Al_2O_3 \cdot 2SiO_2 \rightarrow Al_2O_3 + 2SiO_2$$

метакаолинитінің ыдырауы басталады. 900°С жоғары температурада $3Al_2O_3 \cdot 2SiO_2$ муллит түзіледі. [4]

150-800°С температура аралығында дегидратация жүреді - сазды заттың және басқа минералдардың құрамына кіретін химиялық байланысқан суды алып тастау. Бұл ретте материалдың кристалды торы бұзылады және саз иілімділік қасиеттерін жоғалтады. Химиялық байланысты суды алып тастау шамамен 350° С басталады, ал бұл судың басты массасын беру 450-500° С температурада жүргізіледі және 900° С дейін созылуы мүмкін. Бұл ретте бұйымдардың шөгуі байқалады және олардың механикалық беріктігі төмендейді. 200-800° С температурада саздың органикалық қоспаларының және жанатын қоспалардың массасының құрамына енгізілген ұшпа бөлігі бөлінеді, сондай-ақ олардың тұтану температурасы шегінде органикалық қоспалар тотығады.

300-1000°С температура аралығында карбонаттар ыдырайды (300-400°С - темір карбонаттары $FeCO_3$; 600-700°С — магний карбонаттары $MgCO_3$; 800-900°С - кальций карбонаттары $CaCO_3$). Бұл қыздыру кезеңі, оның ішінде дегидратация кезеңі және кварцтің модификациялық өзгерістері, осы процеске сезімтал саздарды күйдіру кезінде де іс жүзінде қауіпсіз болып табылады және оны жоғары жылдамдықпен (100-200 град/С) өндіруге болады.

800°С мен ең жоғары температура аралығында глинозем Al_2O_3 және кремнезем SiO_2 бұйымдардың физикалық-механикалық қасиеттерін едәуір жақсартатын сусыз алюмосиликат – муллитке қосылады.

Бұл қыздыру кезеңі саз минералдарының кристалл торының бұзылуына және бұйым материалындағы маңызды құрылымдық өзгерістерге байланысты жарықтың пайда болуына қауіпті.

Құрылымдық өзгерістер кезеңінде температураны көтерудің рұқсат етілген жылдамдығы 800 ° С-тан максималды толық өңделген кірпіш үшін 100-150 град/С, ал тиімді бұйымдар үшін 200-220 град/С құрайды.

Жоғары температура кезінде саздағы жеңіл балқитын қоспалардың түріне және газ ортасының құрамына байланысты сұйық фаза түзіле бастайды. Температураның жоғарылауымен сұйық фазаның көлемі артады, тиісінше массаның серпімділігі азаяды, нәтижесінде жүктеме астында қалдық деформация және ақырында бұйымдардың деформациясы пайда болады. Бұған жол бермеу үшін өнімді күйдіру кезінде температураның көтерілуін саз түзетін минералдардың дегидратирленген бөлшектері, әктас бөлшектерінің декарбонизацияланған бөлшектері мен кварц түйіршіктері арасында жабыспалар немесе байламдардың пайда болуы үшін сұйық фазаның ең аз қажетті мөлшерінің пайда болуын қамтамасыз ететін кезеңде тоқтату керек. Бұл өнімнің жеткілікті механикалық және атмосфералық тұрақтылығы үшін жағдай жасайды.



9 Сурет – Керамикалық бұйым сусіңіргіштігінің шикі өнімді күйдіру температурасына тәуелділігі

Ең жоғары күйдіру температурасы кезінде бұйымдарды ұстау (выдержка) сұйық фазаның біркелкі таралуын қамтамасыз ететін бұйымның барлық қалыңдығы бойынша температураны тегістеу үшін қолданылады. [4]

Салқындату кезеңі. Салқындаудың бастапқы кезеңінде температураның төмендеуі кезінде 100-200°С керамикалық материалдар термиялық қысуға ұшырайды және пластикалық деформацияланады. Бұл кезеңде бұйымда тез салқындатылған кезде жарықтар пайда болуы мүмкін. Сондықтан бұйымдардың қалыңдығы бойынша температуралық ауытқудың шамасы 25-30° С аспауы тиіс.

850-800-ден 650° С-қа дейін салқындатуды айтарлықтай жеделдетуге болады. Осы учаскеде салқындатудың рұқсат етілетін қарқындылығы толық кірпіш үшін 250-300° С, ал тиімді бұйымдар үшін сағатына 350-400° С құрайды.

650-500° С температура аралығында бұйымдарды салқындату кварцтың (573° С) модификациялық өзгеруімен, көлемнің 0,82 пайызға азаюымен сипатталады. Осы учаскедегі салқындату жылдамдығы сағатына 150° С аспауы тиіс.

Өнімнің температурасы 500° С жеткеннен кейін салқындаудың рұқсат етілген жылдамдығы сағатына 500-600° С құрайды және сыртқы жылу алмасу шарттарымен ғана шектеледі.

Осылайша, жоғары сапалы бұйым күйдірудің қысқа мерзімдерінде алынуы мүмкін (толық қабатты кірпіш үшін 9-11 сағат, тиімді бұйымдар үшін 7-8 сағат). Алайда оңтайлы күйдіру режимдері өнеркәсіптік пештерде толық іске асырылмайды. [4]

Суыған бұйымды әрі қарай автомат түсіргішпен түсіріп, пакеттелініп, дайын бұйым қоймасына немесе тұтынушыға жіберіледі.

1.7 Материалдық баланс

Бастапқы мәліметтер

1) Шихта құрамы (мас.%): жеңіл балқитын саз – 85 %,
ағаш үгіндісі – 20 % ,

2) Шикі зат ылғалдылығы (W,%): жеңіл балқитын саз –15%,
ағаш үгіндісі – 6 %

Шихтаның орташа ылғалдылығы болады:

$$W_{о.ы.} = 15 \cdot 0,85 + 6 \cdot 0,15 = 13,65\ \%$$

3) Күйдіру кезіндегі жоғалу к.к.ж. (мас.%):
жеңіл балқитын саз – 10,2%
ағаш үгіндісі – 88,5 %

Шихтаның орташа күйдіру кезіндегі жоғалу болады:

$$к.к.ж._{орт.} = 10,2 \cdot 0,85 + 88,5 \cdot 0,15 = 21,95\ \%$$

4) Өндірістің технологиялық параметрлері:
- шихтаның калыптау ылғалдылығы – 21%;
- бұйымдардың кептіруден кейінгі ылғалдылығы – 3%,
- күйдіруден кейінгі қуысты тастың 2,1НФ салмағы – 3,8 кг
- күйдіруден кейінгі қуысты тастың 3,6НФ салмағы – 7 кг

5) Өндірістің ақаулары және жоғалулары:
- күйдіру кезіндегі ақаулар – 2%;
- кептіру кезіндегі ақаулар – 2%;
- мөлшерлеу және тасымалдау кезіндегі жоғалу – 1%.

Зауыт қуаттылығы – жылына 15 млн дана керамикалық қуысты тас, оның ішінде 2,1НФ – 10 млн дана , 3,6НФ – 5 млн дана. Барлығы 15 млн дана жылына немесе 57 000 т/жылына.

1) Ақауларды ескергенде пештен дайын өнім күйдірілген массасы бойынша шығады:

$$Q_1 = П \cdot \frac{100}{100 - К1} = 57000 \cdot \frac{100}{98} = 58163{,}3 \text{ т/жыл.}$$

мұндағы П - зауыт қуаттылығы, т/жыл;

$К_1$- күйдіру кезіндегі ақаулар.

Күйдіру кезіндегі ақаулар мөлшері:

$$Q_1 - П = 58163{,}3 - 57000 = 1163{,}3 \text{ т.}$$

2) Күйдіру кезіндегі жоғалуларды ескергенде абсолюттық құрғақ масса бойынша пешке тас түседі:

$$Q_2 = Q_1 \cdot \frac{100}{100 - ККЖ} = 58163{,}3 \cdot \frac{100}{100 - 21{,}95} = 74520{,}6 \text{ т/жыл.}$$

Күйдіру кезіндегі жоғалулар:

$$Q_2 - Q_1 = 74520{,}6 - 58163{,}3 = 16357{,}3 \text{ т/жыл.}$$

3) Қалған ылғалдылықты ескергенде нақты масса бойынша пешке тас түседі:

$$Q_3 = Q_2 \cdot \frac{100}{100 - W_к} = 74520{,}6 \cdot \frac{100}{100 - 3} = 76825{,}4 \text{ т/жыл.}$$

Пеште ылғалдылықтың булану мөлшері:

$$Q_3 - Q_2 = 76825{,}4 - 74520{,}6 = 2304{,}8 \text{ т.}$$

